



Полезные советы

Правильно спать и просыпаться



Подушка. Тем, кто любит спать на животе, придётся отказаться от этой вредной для внешности привычки.

Крем. Есть маленький косметический секрет, способный омолодить вас за одну ночь.

Ещё один совет на заметку обладательницам сухой кожи: перед нанесением любого средства — будь то крем от морщин или антицеллюлитный гель — проведите по коже мокрыми ладонями, а затем мажтесь своим чудо-средством.

Влага. Если кремами вы не увлекаетесь, заменить их могут другие, некосметические средства.

Душ. Пользуйтесь специальной губкой-люфой каждое утро. Несложные движения помогут простимулировать кровоснабжение по всему телу и снять верхний слой отмерших клеток кожи.

Ухаживать за лицом



Отёки под глазами можно убрать с помощью двух металлических чайных ложек.

Морщинки на лбу появляются у тех, кто часто хмурится. Если заметили за собой эту привычку, попробуйте от неё отказаться и выражать своё недовольство другим способом.

Губы. Чтобы эта часть вашего лица всегда выглядела молодо и привлекательно, её надо обильно увлажнять.

Краситься с умом



Для начала. За 5-10 минут перед тем, как накраситься, обязательно используйте увлажняющий крем для лица.

Правильный взгляд. При нанесении макияжа надо помнить о том, что краситесь вы дома, при тусклом искусственном свете, а вот смотреть на вас будут на улице — при дневном.

Красим глаза. Если вы не любите яркую цветную косметику, приобретите баночку перламутровых теней кожного цвета.

Подправляем брови. С возрастом верхнее веко может слегка опуститься.

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2010 жылдың 29 наурыз – 3 сәуір күндері аралығында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті студенттік ғылым апталығын өткізеді.

– «Студент және ғылым» атты 68-ші ғылыми-тәжірибелік конференция;

– факультеттегі (институт) студенттік үйірмелер конкурсы;

– ғылыми тақырыпта қабырға газеті конкурсы; – университетшілік интеллектуалды ойын өтеді.

Конференцияға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің және колледжінің студенттері қатыса алады.

Table with 2 columns: Конференцияның негізгі бағыттар, Ұйымдастыру алқасы. Lists various scientific disciplines and organizing members.

Баяндамаларға қойылатын талаптар:

Баяндама мәтіні мен тіркеу түрі компьютер форматының .doc (Microsoft Word 2003) (шрифтымен: Times New Roman, аралық интервал –1 пт, кегель – 12 pt, жиек – 20 мм)

Конференцияға қатысу үшін баяндамалар 2009 жылдың 19 наурызына дейін талапқа сай күйінде тапсырылуы қажет. Конференция жұмысына қажетті ақпаратты мына мекен-жайдан біле аласыз: Орал қ. Достық даңғылы, 162. М.Өтемісов атындағы БҚМУ 123 каб. Байланыс телефоны: 8 (7112) 26-03-71, confwksu2007@rambler.ru

Ұйымдастыру комитеті

ХАБАРЛАМА!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің бұйрығымен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне 6M050700 – «Менеджмент», 6M051000 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару», 6M011200 – «Химия» магистратура мамандықтары бойынша, 6D020300 – «Тарих», 6D010300 – «Педагогика және психология» докторантура мамандықтары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүргізу үшін лицензиялар берілді.

обвиснуть, а это придаёт вашему лицу уставший и отёкший вид. Чтобы скрыть эту неприятность, нужно правильно скорректировать форму своих бровей, слегка «поддёрнув» их вверх.

Следить за волосами



Для блеска волос после их мытья на секунду окуните голову под струю холодной воды. От такого «сюрприза» чешуйки ваших волос закроются, поверхность волоса станет гладкой и на свету заблестит.

Сохранять цвет волос позволяет присутствующий в их строении пигмент меланин. Чтобы поддерживать его количество на должном уровне, в вашей пище должна присутствовать медь.

На ночь всегда распустите волосы и никогда не связывайте их в хвост или пучок. Потому что если во сне вы будете ворочаться на подушке, обязательно повредите свою шевелюру и оставите в постели её добрую часть.

ЖАҢАЛЫҚТАР

Ә Университеттің кәсіподақ комитетінің есептік-сайлау жиыны болып өтті. Бұл жиынға университет басшылығы, профессор-оқытушы қауымы қатынасты.

Ә Заслуженный артист РК, доцент кафедры «Музыкальное образование» Канаткали Камокович Кожиков и к.п.н., ст.преподаватель кафедры «Художественно-прикладное искусство и профессиональное обучение» Жанна Советовна Каинбаева приняли участие в Республиканском конкурсе по разработке учебной литературы и учебных пособий.

Ә М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 19 ақпан күнгі кеңейтілген ректорат мәжілісінде университеттің қызметкерлері мен студенттері марапатталды.

Ә Әр бөлім студенттері арасында Ұлы Отан соғысының жеңісіне 65 жыл толуы қарсаңында кураторлық сағаттар өткізілуде. Сұрапыл жылдарда қаза тапқан батырларымыздың асыл ерліктері, тыл және еңбек ардагерлерінің еңбектері жайында студент жастарға кеңінен насихатталуда.

Кездесу

ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР



23 ақпан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде мұражай меңгерушісі Меңсұлу Қайыршақызы Есикенованың ұйымдастыруымен педагог-ғалым, ұлағатты ұстаз, Ұлы Отан соғысының ардагері Қалам Жұмашұлы Сүйіншәлиевпен «Өнегелі ғұмыр» атты кездесу кеші өтті.

жатқан шараның мақсатымен таныстырып өтті. Кешке Қалам Жұмашұлының группаласы Майра Мақатова қатысты. Төсі медальға толы 88 жастағы қария әже: «Біз аштық, жоқтық, қиындық көріп өстік, соғыс зардабын шектік.

Кеш қонағы Қалам Жұмашұлы сөз алып, студенттерді өзінің өнегелі еңбек жолымен таныстырды. 1955 жылдан бастап осы кезге дейін алпыс жылдай уақыт бойы қол үзбей өзінің туған оқу ордасында ұстаздық еткен педагог-ғалым Қалам Жұмашұлы: «Мен - педагог ретінде әркімнен барып ұққанымды, бойыма сіңіргенімді, білімімді шәкірттеріме жеткізімімді мақсат еткен ұстазым.

Үлкен еңбектің арқасында зор жетістіктерге қол жеткізген ардагер-ұстаздың өмір жолы - әрбір жас ұрпақ үшін ғибрат, өнеге. Студент-жастарға үлкен өсер қалдырған мұндай мәнді де мағыналы кездесу кештерінің әлі де көптеп өткізілетініне сенеміз.

СРАЛИЕВА Меірамгүл.

Посвящается к 65-летию Победы

КУРАТОРСКИЙ ЧАС

18 февраля 2010 в стенах Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова в корпусе №3 прошел кураторский час, посвященный Великой Отечественной Войне 1941-1945 годов.

На данном мероприятии с трепетом было прочитано стихотворение Р.Рождественского, а также выступила студентка первого курса института культуры и искусства Искулова А., которая исполнила песню на сербском языке.

Между выступлениями ведущих были показаны видео-слайды, посвященные Великой Отечественной войне и современному Казахстану.

Бейсенова Р., Ерниязова А.





Ұлы Жеңіске - 65 жыл. Талайды қан қақсатқан майданда еліміз, жеріміз үшін ерлік көрсеткен жандардың есімі ешқашан ұмытылмақ емес. Ер есімі қашанда, ел есінде. Біз бүгінгі санымызда белгілі педагог-ғалым, ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты, ҰОС ардагері, еліміздің абыройлы азаматы Ақмұрзин Сәрсен Ақмырзаұлы жайында жұбайы Дәрменова Мәрзия Батырғалиқызымен болған әңгімемізді ұсынамыз.

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨШПЕЙДІ

Дәрменова Мәрзия Батырғалиқызы - белгілі ғалым, Ұлы Отан соғысының ардагері Ақмұрзин Сәрсен Ақмырзаұлының құдай қосқан жары. Жаңақала топырағында дүниеге келген Сәрсен Ақмырзаұлы жасынан кедейшілікті көп көреді. Жалшы баласы көз ашпастан аштық, жүдеу күйді көп көрді. Жас Сәрсен «Қосшы» жалшылар ұйымы хатшысы болды. Жастарды сауат ашуға тарту, қыздарды қоғам-



Ақмұрзиндер әулеті

дық жұмысқа қосу, түрлі мәдени-ағарту шараларды жүзеге асыру – арманшыл жас Сәрсеннің алғашқы ұмытылысы ғана.

Мәрзия Батырғалиқызы 1917 жылы қазіргі Сырым ауданында дүниеге келген. Неміс тілі пәнінің ұстазы. 1939 жылы Сәрсен Ақмырзаұлына тұрмысқа шыққан.

Сәрсен Ақмырзаұлы 1933 жылы Сламихин педагогикалық училищесін, 1936 жылы Оралдың А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітіреді де, таңдаулы үміт күттіретін жастың бірі ретінде Орал қаласының №4 орта мектебіне (қазір С.Сейфуллин атындағы №11 мектеп) директор қызметіне жіберіледі. 1936 жылы Сәрсен Ақмырзаұлы альма-матер – педагогика институтына оқытушылыққа шақырылады. Жұмақтай заманды 1941 жылдың қаңарлы Ұлы Отан соғысы бұзады. Көп ұлтты Совет елі фашист басқыншыларына қарсы ұлы майданды бастады. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген қасиетті ұранмен педагогика институты ұстаз-студенттері майданға сұранып жатты. Сәрсен ағай әуелі (1941-1942ж.ж.) совхоздар саяси бөлімінің секторын басқарды. Майданға азық-түлік, жауынгер киімдерін аттандыруға үгітші болды. 1943 жылдың маусымында Сәрсен Ақмырзаұлы Армия қатарына шақырылады. Әскери қысқа курстан өткен соң, 1-ші Прибалтика және Ленинград майдандарында қан кешті. Аға лейтенант Ақмұрзин Сәрсен соғыс «тәңірісі» - артиллерия взводының командирі болған. Ол Шауляй, Каунас, Неман өзені бойындағы кескілескен ұрыстарға қатысып, Курляндия жарты аралын фашистерден азат еткен. Екі рет қансырап жараланды, бірақ ұрыс даласын тастамады. Капитан Сәрсен Ақмырзаұлы соғысты Нүрпейісовтың атақты Курляндиясында аяқтады. Жұбайы майданға алынған кезде Мәрзия апай екі сәбимен (екі қыз) жалғыз қалады. Соғыс жылдарында Мәрзия апай Теректі ауданының Подстепное ауылының №7

орыс мектебінде неміс тілі пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарады.

Сонымен қатар, мұғалімдердің жазғы демалыс уақыттарында плантацияларда жұмыс жасаған. 40 жыл өмірін ұстаздыққа арнаған ол -1975 жылдан бері зейнеткерлікте. Бүгінгі таңда Мәрзия Батырғалиқызы 4 баланың (екі ұл, екі қыз) аяулы анасы болып, олардан 9 немере сүйіп, 12 шөберенің ардақты әжесі атанып отыр. Мәрзия апай өмірлік жарының отын өшірмей, Сәрсен ағай екеуі ұзақ ғұмыр кешкен үйде тұрып жатыр. Кенже ұлы Ерік, немересі Максим қасында. Үлкен қыздары Рая апай Алматыда тұрып жатыр. Мәрзия апай соғыс ардагерінің жұбайы ретінде және тылда еңбек еткені үшін Ұлы Жеңістің 50 және 60 жылдығына орай медальмен марапатталған. Қазір апайдың денсаулығы шүкір, өзінен тараған үрім-бұтағының арасында бақытты ғұмыр кешуде.

Сәрсен Ақмұрзин соғыстан оралған соң 1945-1952 жылдары Орал педагогикалық институтының директоры, 1958-1963 жылдары осы институттың проректоры, 1952-1957, 1963-1974 жылдары қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарады. 1956 жылы өзінің «Ұлы Отан соғысы дәуіріндегі қазақ совет прозасы» деген тақырыпта (ғылыми жетекшісі – профессор М.Ғабдуллин) кандидаттық диссертациясын қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атағын алды. 1939-1953



Мәрзия ана балаларының ортасында

жылдары Орал қалалық кеңесінің депутаты болған ол, «Қазақ ССР Жоғарғы мектебіне еңбек сіңірген қызметкер», «Құрмет белгісі», «I дәрежелі Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз», «Германияны жеңгені үшін», «ҰСО жеңісіне - 20 жыл», «Даңқты еңбегі үшін» ордендерімен, медальдармен, грамоталармен марапатталған.

2009 жылы М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да Ақмұрзин Сәрсен Ақмырзаұлының туғанына 100 толуына байланысты республикалық конференция өтті. БҚМУ профессоры Серікқали Шарабасов: «Біздер, 60-шы жылдардың студенттері өз ұстаздарымызға ғашық едік. Солардың ішінде Сәрсен Ақмырзаұлының бейнесі биік еді ғой. Алпақ костюм, сымдай шалбар, қадам басуының өзі ірі бекзаттықты көрсетеді», - деп ұстазын еске алады.

ЖАНТУРИЕВА Гүлнұр.



ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕРІ

Уа, туған жер!
Топырағың нұрдан жаралған.
Киелі бесік, жатыр-ау сенде сан арман.
Желмая мініп,
Желдірткен Асан қайғы үшін,
Жерұйық жәннат бір өзін болып саналған.

Айбыны асқар,
Қайратты қыран көгімде,
Татулық құсы
Тұрақтап мәңгі көлімде,
Ұлтымның ұлы,
Бағасыз асыл мұрасы,
Дариға, шіркін, домбыра тұрсын төрімде!

Кең байтақ әсем
Ғажайып «Қыпшақ даласы».
Шәкәрім, Абай –
Қазақтың арда данасы!
Әлі күн мұнда
Тіршілік еткен өр халық –
Киелі, қайсар көк Бөрілердің баласы!

Батырлық, ерлік,
Тарихтың жалын алауы,
Желбіре көкте,
Көк байрақ намыс жалауы!
Биікке шырқап
Қарыштап қадам баса бер,
Осы ғой сенің,
Жас ұрпағыңның қалауы!

Жайлиева Әйгерім Өтепқалиқызы – 1990 жылы 15 наурызда Сырым ауданы, Абай ауылында дүниеге келген. 2008 жылы Абай орта мектебін бітірген. Қазір жаратылыстану-математика факультетінің 2 курсында оқиды. Қалалық «Жемқорлық жастарға жат қылық» атты жыр мүшәйрасының III орын иегері, университетшілік «Студенттік көктем» фестивалінің аясында ұйымдастырылған жазба ақындар мүшәйрасының I орын иегері.

Сіздердің назарларыңызға, жыр сүйер қауымға жас та болса өзінің шымыр да шынайы туындыларымен танылып жүрген Әйгерімнің өлеңдерін ұсынамыз.

Сенде бір тылсым,
Құпия әлем, күш пе едің?!
Өзгеден биік,
Тұрады әркез үстемің.
Белгісіз жұмбақ,
Бейне бір сиқыр бар ма екен?!
Жүректің көусар
Төрінен ізгі түспедің!

Уа, туған жер!
Қасиетіңе сенің қайранмын.
Египет асқан
Бейбарыс ұлды қайтардың
Құдіретіңе сенің
Таласа алмас ешкім де
Қазақтың жері,
Атыңнан ұлы айналдым!

ҚЫЗ ЖҮРЕГІ

Өмірдің жолы,
Сан қилы неге келесің?!
Соншалық алдан,
Күтуде әрбір белесің.
Жетейін десем,
Талпынған жүрек сөзіне,
Аяқтан шалып,
Несіне қинай бересің?!

Бірақ та мейлі
Тіршілік жалған өтер күн!
Сүйгенім аман,
Оған да шүкір етермін!
Сездіре алмай,
Жалындап жанған сезімді,
Фәниден мынау,

Сүйсініп қана өтермін!

Кеудеме сыймай
Жүрегім неге тулайсың?
Тағдырды жолын,
Арнаға өзге бұрғайсың!
Кей кезде көріп, алыстан нұрлы бей-
несің,
Бақытын тілеп,
Тілекші болып тұрғайсың!

МАЗАЛАЙДЫ САНАМДЫ САНСЫЗ СҰРАҚ!

Мен сеніп ем,
Жан-тәніммен беріле,
Жүрегімде орны бар әлі де...
Махаббаттың іңкәрлігі соншалық,
Кете алмайды бір-біріне бөліне...
Мен сеніп ем...
Ғашықтардың барына,
Жүре алмайтын
Бір-бірінсіз тағы да.
Көрмей қалса,
Біре күндей уақытта
Тағат таппай, іздеп шығар сағына!
Мен сеніп ем,
Шынайылық барына...
Шын сүйетін
Пәк жүрекке бағына
Көрмей жүрмін
Осы күнгі ғашықтан,
Сене алмаймын
Сезімінің барына!

Қалай сенем???
Көре тұра күнбе-күн
«Махаббат» деп, -
ат қоятын өзіне,
Құр әуренің дүрбегің...
Мәз болатын,
Жайма шуақ жазына,
Бірақ шыдай алмас аяз, қарына.
Біле тұра,
Мыстың алтын емесін,
Сенейін бе махаббаттың барына?!

Сеніп едім,
Махаббаттың барына,
Сеніп келем,
Тәңірім-ау, тағы да.

Құттықтаймыз!

Құрметті Мейрам Шатайұлы!




Сізгі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, жұмысыңызға шығарнамалық, табыс тілейміз.

Құтты болсын туған күн, мерекеніз,
Асқақ асу белестерден асыңыз

Шәкірттеріңіз озат болып әрдайым,
Қуаныш пен шаттықтан тек тасыңыз.

Игі тілекпен: Жастар даму орталығының белсенді мүшелері

Құрметті Мерген Қуанышұлы!



Сізгі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге мықты денсаулық, талайы табыс, шаңырағыңызға шаттық пен береке тілейміз.

Нұрға тамы ашық, балсын аспаныңыз,
Сіздей адам бар деп біз мақтанамыз.
Ортайласын ырысыңыз, берекеніз,
Құтты болсын, туған күн, мерекеніз.

Игі тілекпен:
Жастар даму орталығының белсенді мүшелері



п Жас қалам

Алғашқы адымдар

Суық күннен жылытып көр ал, басты, Айналаны "ақ киімді" шал басты.

Балғын күндер, алғыр күнмен алмасты, Ендігі күн оқуменен жалғасты.

Ғашықтар ғой болдыратын болмасты, Жадындағы «сезім» деген жолды ашты.

Алғаш адам көкірегіңің шаң басты, Алғашқы рет шылым шекті албасты.

Сәби болып, қарт болатын бунақ бар, Арасында жастық шағың тулақтар.

Алғашқылар – Ойламаған ойын-дау, Үлкен ерлік өзгелерді мойындау.

Талғат МЫҚИ, 4 курс студенті

Сағындым сені...

Сағындым сені, жүректің оты шарпылып Іздеймін сені сезімнің лебі шарқ ұрып.

Сағындым сені көңілдің сыры нұрлана Ойлаумен сені шырмалды мәңгі ой-сана.

Сағындым сені жұлдызға қарап нұр шашқан, Нұрлы көздерің тұрғандай күліп сыр ашқан.

Құйылғандай өзекке еріп қорғасын, Көргендей болдым ғажайып әлем ордасын.

Үй туралы ой

Оңғарылмай сапары көп жолымның, Пешенеме жазылса, егер сорым мың.

Улы ағзам. Улы денем. У қаным, Улы қанның шырмауында уландым.

Уылжыған өмір нәрін татпадым, Шалыс басып, улы қадам аттадым.

Сан белестен жол таба алмай торығып, Сан соқпақтан келем қазір соны ұғып.

Улы уақыт у ұсынбақ тағы да, У болғаны жақын тартар жаным.

У боп әсте ішпеген де, ішкен де, Улы тірлік өз дегенін істеуде.

Мұсағали мұңымен ридеу

«Ойлаңдар, достар, өнерде жарыс болмайды, өресі жетпей күндестік қылған оңбайды».

Сен кешкен мұңнан салқын сыз әлі бар бүгін. Сен шекпен жапқан қазақтың қара өлеңің.

Қатыгез тірлік жеткізбей қолды баққа кең, Таяныш тірек жауһар жырыңнан тапқан ең.

Тайғанақ тар жол, өмірің толы қатерге, Қонбайды, сірә, қиындық көрмей бақ ерге.

Жан тебіrentетін елменен егіз сыңары, Сен жаққан жырдың маздайды лаулап

Бұл қазақ бейқам жоқтаумен жанын жұбатып, Таланттарын тірідей көрге тығады.

Жайқалды көктеп сен еккен жасыл жыр бағың, Салса да уақыт сан қилы қиын сындарын.

Жабығып көңіл, жаныңды шер-мұң торлайды, Ақиқат шынның ақ туы қашан орнайды?..

Мүңгі толғаныс

Тағдырымның ұсынатын бағы у ма, Түсінбедім, сөну ме, әлде жану ма?

Алғаш сәтте қалғаным рас абдырап, Кете алмадым алысқа ұзап, қалды ұнап.

Ақша жүзін ай көркіне теңер ем, Оттай ыстық құшағына енер ем.

От күндерді шоқ түндерім жайқаған, Хас сұлуды көріп, қалай жай табам.

Жалын – сезім, махаббаттың қорғаны, Жалын сөнсе махаббат та солғаны,

Осыдан соң ойға тәтті қайғы алдым, О, махаббат, құдіретіңе қайранмын.

СҰЛТАНОВ Мейрамбек, 4 курс студенті

Пусть наши сердца не стучат в унисон, А в душу закралась тревога.

Из памяти стёрла пустые мечты, Оставив осколки надежды.

Я сброшу тяжёлые цепи оков, Уйду от тревог и сомнений.

Исчезнет бывшее, как серый туман, И солнце сквозь тучи пробьётся.

Я розы вплетала в терновый венок, Лишь руки изранив шипами.

Исчезнет бывшее, как серый туман, И солнце сквозь тучи пробьётся.

Я сама искала одиночества, И сама добилась пустоты.

Мне твои забытые пророчества Обещали жизни сладкий мёд.

Стало тесно мне в моей обители, Только я на волю не спешу.

Тебе, в моём несложном имени Пусть не послышится тепло.

Как много мною недосказано, Как мало сделано тобой.

Твои слепые обещания Ко мне дороги не нашли,

Как много мною недосказано, Как мало сделано тобой.

Твои слепые обещания Ко мне дороги не нашли,

Предай любовь в душе забвению, Предам и я, давно пора.

Всё это было, но...вчера. 2009г. БАКАУШИНА Б., студентка спец-ти ГМУ гр.09204

О, жас ұрпақ, жарқылдаған жассыңдар, Рухсыздық індетінен қашыңдар.

Батыр ата – БАУЫРЖАН

«Ер есімі – ел есінде» дегендей, батыр бабаларымыздың есімі мәңгі есім-ізде сақталады.

Батыр ата – ел тірегі! – ер тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі!» атты кездесу кеші өткізілді.

елсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен «Халық қаһарманы» деген атақ берілген.

Жаятын желкенімді, Ойлайтын ертеңімді. Ақылшы ағаларым, Әдептен аспайтұғын, Ерлікке бастайтұғын,

Айбарлы ағаларым, - деген өлең жолдары Бауыржан атамызға арнап жырланғандай.

XX ғасырдың ерен ер жұлдызды батырлары, халқымыздың мәңгілік мақтанышы,

ЖӘҢГРОВА Үміт, БҚМУ колледжінің АЖ-101 тобының студенті.

«ҒАСЫР АҚЫНЫНЫҢ» ТУҒАН КҮНІ

9-ақпан - «Қазақтың Есенині» атанған Мұқағали Мақатаев ақынның туған күні. Қазақ поэзиясына өзіндік жаңа леп, тың тақырып әкелген Мұқағалидың сезім мен сырға толы жырлары әрқашан да құнды, бағалы.

ЖАНТУРИЕВА Гүлнұр.

Малая студенческая Ассамблея, или студенческий клуб, «Достык» вновь начинает свою работу и приглашает всех студентов, которым надоела рутинная жизнь...

Если говорить о предыстории объединения, то следует отметить руководителей Малой студенческой Ассамблеи Сикун Анну и Имангазиеву Александру.

«Дружба» нас объединила...

дентов университета в 2007-2008 уч. году. Студенты 3,4 курсов прекрасно помнят великодушный спектакль, подготовленный объединением...

20 февраля 2010 года во Дворце спорта ЗКГУ им. М. Утемисова прошли эстафетные игры среди молодежных общественных объединений университета.



сильные граждане. Взяв на вооружение этот раздел, студенческий Президент Исмагулова Алмагуль организовала спортивные игры.

питательной работе и молодежной политике Даришевой Т.М., проведение олимпиады по казахскому языку среди представителей различных национальностей.



Вот уже почти три года ребята из литературного салона ЗКГУ им. М.Утемисова «Свеча» знакомят своих посетителей с «ювелирами» слова, с творчеством знаменитых и малоизвестных авторов. За время своего существования они провели более двадцати литературных мероприятий.

Ахиллесово сердце Вознесенского



«Миллион алых роз», «Плачет девочка в автомате»... Кажется, нет человека из стран великого Союза, который бы не знал этих песен. А знаменитая первая рок-опера, появившаяся в СССР, - «Юнона и Авось», трогательная и раздирающая сердца слушателей. Эти великолепные поэтические творения принадлежат перу поэта-шестидесятника, нашего современника Андрею Вознесенско-

му. Именно ему был посвящен вечер, прошедший в детско-юношеской библиотеке им. Х.Есенжанова 10 февраля. Это мероприятие посетили студенты и библиотекари города и области, последние пришли посмотреть на юных коллег и, в свою очередь, обменяться опытом.

Стоит отдать должное, ведь Вознесенский - сложный поэт, он, будучи архитектором, не пишет, а возводит поэтические дворцы. По праву его можно назвать преемником футуристов - пишет резко об острых углах, когда иные их закругляют.

- Один из ранних поэтических сборников Вознесенского назывался «Ахиллесово сердце» (1966 год), - говорит Сергей Быков. - На его внутренней обложке была нарисована кардиограмма. Пожалуй, это лучший образ, который символизирует поэта. Ахиллесово - незащищенное, уязвимое, но, в то же время,

остро реагирующее на жестокость, обиду, оскорбление, боль.

Кто из ровесников Вознесенского мог бы похвастаться дружбой с замечатель-

ным поэтом, прозаиком Борисом Пастернаком. Она завязалась после того, как Андрей Андреевич в четырнадцатилетнем возрасте послал Пастернаку свои стихи. В дальнейшем это сильно повлияет на его судьбу. Вскоре он познакомится и с другими знаменитыми деятелями искусства, собеседниками советского поэта станут всемирно известные Сартр, Хайдеггер, Пикассо.

В концертном зале библиотеки прозвучало много стихов Вознесенского, показали видео-выступление Андрея Андреевича, где он читал «1982», а также эпизод из рок-оперы «Юнона и Авось» с душераздирающими словами на музыку Рыбникова: «Ты меня никогда не забудешь./ Ты меня никогда не увидишь». В завершении прослушали композицию «Миллион алых роз» после чего ведущий, подводя некий итог, сказал: «Миллион алых роз Андрея Вознесенского - это миллион его потрясающих, пронизывающих слов, сплетенных искусно в стихи, которые любимы, читаемы, и которые заставляют на секунду остановиться и задуматься».

Анастасия ХЛОПКОВА

Послание Президента – залог благополучия народа КАЗАХСТАНА

29 января 2010 года Президент страны Н.А. Назарбаев обратился к народу Казахстана с Посланием. Участниками просмотра прямой трансляции Послания стали ректорат, профессорско-преподавательский состав, студенты университета.

Послание Президента народу Казахстана – значимое событие в жизни каждого казахстанца. И рабочий, и учитель, и предприниматель, и студент, и пенсионер услышит в Послании о себе что-нибудь новое, почувствует уверенность в завтрашнем дне.

По этому поводу в актовом зале университета собралось около трехсот человек. Кроме сотрудников университета, в просмотре приняли участие и работники средств массовой информации, с которыми желающие могли поделиться своим мнением.

Чтобы довести до всех студентов содержание данного документа, 3 февраля администрацией университета организованы лекции по обсуждению Послания. В 15:00 одновременно для студентов всех факультетов и институтов преподаватели факультета истории и права про-

вели лекции, обсудили наиболее важные пункты Послания, высказали свое мнение, направили студентов в нужное русло для реализации планов до 2020 года.

На филологическом факультете в казахских группах лекцию прочитал Мусагалиев Ш.С., в русских группах – Гурьева Г.Г. Я присутствовала на лекции Гурьевой Г.Г. Галина Герасимовна в доступной форме донесла до студентов основные пункты, полностью разобрав каждый из разделов Послания. Студенты филфака отнеслись очень серьезно к этому событию, внимательно слушая и делая для себя определенные выводы. Своим мнением со мной поделилась студентка 1 курса специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» Казетова Гаухар: «Считаю, что информирование студентов о таких событиях, происходящих в стране, очень важно, так как это

носит и воспитательный характер. На сегодняшний день студентов в большей степени интересуют новости Интернета, а не политическая жизнь страны. Поэтому данное мероприятие, безусловно, необходимо. Мне очень важны все события, происходящие в республике. Особенно интересна для меня информация в сфере образования и науки. В планах сейчас масштабная научная деятельность, которую хочу начать с полного изучения Послания».

Гаухар, как и другие студенты, ушла на занятия, выслушав от начала до конца лекцию Галины Герасимовны. Однако я могу с уверенностью сказать, что лекция была проведена не бесполезно, в каждом из участников обсуждения осталась тот патриотический настрой, которым с радостью поделилась Галина Герасимовна.

Голубова О.,
студентка 3 курса
филологического факультета

7 Тоғжан, алдымен өзің жайында білсек?

8 Мен 1990 жылы 27 мамырда Батыс Қазақстан облысы, Бөкейорда ауданы, Мұратсай ауылында дүниеге келдім. 1996 жылы бастауыш мектеп табалдырығын аттап, 2007 жылы А.Құсайынов атындағы жалпы орта білім беретін мектебін ойдағыдай аяқтадым. Оқуымды аяқтағаннан кейін М.Өтемисов атындағы БҚМУ-дың жаратылыстану-математикалық факультетінің «Экология» мамандығына ақылы негізде оқуға түстім. 2009 жылы КПО б.в. компаниясының Қазақстанның дарынды студенттеріне 2009-2010 оқу жылдарына арналған гранттық бағдарламасы бойынша грант иегері атандым.

7 Ғылым жолына келуіңе, ғылыммен айналысуыңа не себеп болды?

8 Университеттің және бөлімнің қоғамдық және ғылыми жұмыстарына белсене араласып, оқуда озат болғаным үшін профессор В.В. Иванов атындағы атаулы шәкіртақы иегері атандым. Қазіргі таңда БҚМУ-дың студенттік ғылыми қоғамының төрайымы міндетін атқарамын. «Адамның шын мәнісіндегі нағыз

7 Ғылым жолында қандай жетістіктерге жеттіңіз?

8 Өзімнің жеке жетістіктеріме келетін болсам, БҚМУ-да өткізілген студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының байқауында «Жаратылыстану ғылымдары» бағытында 3 орынға ие болдым, БҚМУ-да өткізілген «Студент және ғылым: шығармашылығы мен келешегі» атты 67-ші ғылыми-тәжірибелік конференциясында Алматы хатпен, «Жас ғалым - 2009» инновациялық жобалар конкурсында 1 орынға ие болдым және де «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және Орал қаласының жастары» атты оқыту семинар-тренингі бойынша өз біліктілігімді арттырып, сертификатқа ие болдым. 2009 жылы 12 қараша күні Ақтөбе қаласында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан жастар конгресінің ұйымдастыруымен «Қазақстандық патриотизм жаһандану жағдайындағы бәсекеге қабілетті елдің құрушы факторы» тақырыбында өткен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының іріктеу турынан өтіп, Ақтөбе қаласына баяндамамен оқуға шақырылдым, конференция қорытындысы бойынша арнайы сертификатқа ие болдым. Халықаралық студенттер



7 Болашақтағы жоспарларың қандай?

8 Мен үшін ғылыммен айналысу үлкен дарындылық деп білемін. Өз білімімді жетілдіріп, заман талабына сай маман болып, еліміздің дамуына өз үлесімді қосу басты мақсатым болып табылады. Мен болашақта аталған жетістіктеріммен тоқталып қалмай, өз университетімнің мерейін асқақтатып, ғылымның даму жолына өз үлесімді қоссам деймін.

ШЕГІ ЖОҚ

артықшылығы ғылымда» - дегендей, мен өз бойымдағы қасиеттерімді ғылым жолындағы ізденістерім арқылы көрсеткім келеді. Себебі, ғылыми ізденістер – шығармашылық өрлеудің биік шыңы болып табылады.

күніне орай «Заман» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «Жыл үздігі» атты студенттер арасындағы байқауға қатысып, «Жас ғалым» номинациясы бойынша III дәрежелі дипломен марапатталдым.

7 Олай болса, Жадыра мен Тоғжанға айтарымыз, ғылым жолындағы жетістіктеріңіз көбейе берсін. Болашақта еліміздің ғылымын дамытатын білікті маман болуларыңызға тілекшіміз.

Сұхбаттасқан М.Сралиева.

Соревнование УМНИКОВ и УМНИЦ

10-го февраля 2010 года в институте экономики и управления ЗКГУ им. М.Утемисова состоялась интеллектуальная игра «Брейн-ринг», посвященная Посланию Президента РК.

Цель данного мероприятия – выявить интеллектуальный потенциал современной молодежи.

Президент Н.А. Назарбаев призывает молодых людей быть патриотами. И нам, молодым, не безразлично будущее Казахстана, каждый казахстанец должен внести свой вклад в его развитие.

В игре приняли участие студенты 2-х курсов экономических специальностей. Организатором интеллектуальной игры был студенческий деканат совместно с дирекцией института. В состав жюри вошли заместитель директора по учебной работе Мустафина А.С. и заместитель директора по воспитательной работе Медеуова М.Н.

Интеллектуальная игра состояла из 2-х туров, 1-ый тур - презентация ко-

манды, 2-ой тур – игра «вопрос-ответ». В 1 туре большую роль играли коллективизм, сплоченность команд, а во 2 туре студенты показали свои интеллектуальные возможности по 20-ти вопросам, как по истории, экономике так и по географии. По итогам игры были определены победители. I место заняла команда «Экономика», в состав которой вошли студенты группы 09205, команда «Менеджмент» - группы 09202, и «ГМУ» - группы 09204 были удостоены II-го места. Победители были награждены дипломами.



Студенты должны принимать активное участие в подобных мероприятиях, так как это будет способствовать повышению интеллектуального развития нашей молодежи.

Мендығалиев А.,
ведущий интеллект. игры, студент
2-го курса спец-ть «ГМУ» 09204 гр



*Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар,
мінез деген нәрселермен озады.
Оған басқа нәрсемен озым ғой демектің бәрі - ақылмақшылық.*
Абай

Бүгінгі «Жас ғалым» айдарының кейіпкерлері - филология факультетінің «филология: қазақ тілі» мамандығының 3 курс студенті, «Жас ғалымдар кеңесі» қоғамдық бірлестігінің мүшесі САПАРОВА ЖАДЫРА және жаратылыстану-математикалық факультетінің «Экология» мамандығының 3 курс студенті, «Жас ғалымдар кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы БИСЕМБАЕВА ТОҒЖАН. «Адамның шын мәнісіндегі нағыз артықшылығы ғылымда» деген асыл сөзді ардақ тұтқан Жадыра мен Тоғжанның ғылым жолында жеткен жетістіктері жайындағы сыр-сұхбатымызды сіздермен бөліссек.

7 Жадыра, ең алдымен өзің жайлы қысқаша мәлімет беріп, туған жерің, бітірген алтын ұя мектебің жөнінде айтып өтсең?

8 Мен 1989 жылы 10 шілде күні қаймағы бұзылмаған қазақтың қара топырағы Жаңақала ауданында дүниеге келдім. 1996 жылы бастауыш мектеп табалдырығын аттап, 2007 жылы Жаңақала жалпы орта білім беретін мектебін ата-анам мен ұстаздарымның үкілі үмітін ақтап, оқуымды ойдағыдай аяқтадым. Мектеп кезінде сабақта үздік болып, алғырлығыммен танылып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өткен облыстық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға

шақтағы бар ғұмырымды ғылыммен байланыстырғым келеді.

7 Ғылым жолында жеткен жетістіктерің жөнінде атап өтсең?

8 Ең алғаш ғылымдағы жетістігім - 2007 жылы Студенттердің ғылыми-зерттеу конкурсына қатысып, жүлделі II орын алғаным болды. Сол жылы «Қазақстан - 2030» Даму стратегиясының 10 жылдығына орай өткізілген II облыстық «Тәуелсіз Қазақстан және жастар» атты ғылыми-тәжірибелік конференциясына белсене қатысып, II орынға ие болдым. 2008 жылы өткен «Жас ғалым - 2008» облыстық конференциясына қатысып, өзіме мол тәжірибе жинақтадым. Сонымен қатар,



қаласында өткен «Қазақстандық патриотизм жандану жағдайындағы бәсекеге қабілетті елдің құрушы факторы» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, қатысушы сертификатымен марапатталдым. 2009 жылдың 7-14 желтоқсан аралығында Орал қаласы әкімдігінің ішкі саясат

ҒЫЛЫМНЫҢ

ие болып жүрдім. Ал мектептен кейінгі он бір жылдық сынақ ұлттық бірыңғай тестілеуде алған білімім мен талабымның арқасында, оқудағы зор еңбегімнің жемісі ретінде 111 балл жинап, өзімнің қалаған мамандығым бойынша мемлекеттік грантты жеңіп алдым. Бүгінде менің ұлы армандарымның бірі орындалып, білімнің киелі шаңырағы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «филология: қазақ тілі» мамандығы бойынша білім алудамын.

7 Ғылым жолына келуіңе, ғылыммен айналысуыңа не себеп болды?

8 Қазақстан Республикасының ғылымды дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы университет бойынша студенттердің кемінде 10 %-н ғылымға тарту керек делінген. Сол себепті, біздің киелі білім ордамыз студенттерді білім айдынында жүздіріп, тәрбие бесігінде тербеп қана қоймай, жан-жақты жетілген, қоғамға пайдасы тиетін тұлға қалыптастыру мақсатында, ғылымға деген қызығушылықтары жоғары студенттерге ерекше қолдау көрсетіп келеді. «Биік тауға шығудың өзі – жармасудан басталады» дегендей, мен университет қабырғасында жүріп, көлемі шағын ғылыми жұмыстар жазу арқылы, қазірден бастап ғылымның тереңіне бойлап, бола-

Көкшетау және Тараз қалаларында өткен конференцияларға баяндамаларымды жолдадым, кейін олар ғылыми жинаққа енді. «Студент және ғылым: шығармашылығы мен келешегі» атты 67-ші студенттердің ғылыми-тәжірибелік конференциясына баяндама ұсындым. 2009 жылы өткен «Жастар және қазақ әдебиеті» атты III қалалық ғылыми-тәжірибелік семинарда үздік баяндама ұсынғаным үшін I орынмен марапатталдым, 2009 жылдың 22 қазан күні Ішкі саясат басқармасы мен «Технопарк «Алгоритм» ЖШС қолдауымен, «Жас ғалымдар кеңесі» ҚБ ұйымдастыруымен оқушылар, студенттер және жас ғалымдар арасында облыстық «Жас ғалым-2009» инновациялық жобалар конкурсы өткен болатын. Аталған конкурсқа 118 жоба тапсырылғанмен, олардың 78-і іріктеу кезеңінен өтіп, өз жобаларын қорғауға мүмкіндік алды. Конкурс қорытындысы бойынша 41 жобаның авторлары жүлделі орындарға ие болып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Мен осы конкурста әлеуметтік маңызды жобалар секциясы бойынша I орынға ие болдым. 2009 жылдың 23 қазанында «Сырым жастары» ЖҚБ ұйымдастыруымен өткен «Алаш мұрасы жастар көзімен» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, жүлделі I орын иегері атандым. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан жастар конгресінің ұйымдастыруымен 2009 жылы 12 қараша күні Ақтөбе

бөлімі мен Еуразия академиясының «АТИСО» институтының ұйымдастыруымен өткен «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және Орал қаласының жастары» атты оқыту семинар-тренингі бойынша өз біліктілігімді арттырдым. Осындай жетістіктерге жетуіме ғылыми жетекшім Тұрғаналиева Ганмиркүн Ганмирханқызы зор септігін тигізді.

7 Болашақтағы жоспарларың қандай?

8 «Ғалым болудан да адам болу қиынырақ», - демекші, болашақта бойында ұлттық рухы мен қазақы намысы бар, елім үшін аянбай қызмет ететіндей нағыз адам болғым келеді:

Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда, Үлкен бақыт табу үшін ғаламда, Үлкен болып қалу үшін ғаламда, Үлкен арман керек екен адамға, - деп, тіл жанашыры М.Шаханов жырлағандай, болашақта алға қойған арман-мақсаттарыма қол жеткізіп, білімді де білгір тіл маманы атансам деймін. «Азат басың болсын құл, қолдан келмес іске ұмтыл» - деп, Абай атамыз айтқандай, әрбір адам өзі үшін қолдан келместей болып көрінетін істерге ұмтылуы керек. Мен де «ғылым» айдынында «еңбегімді» ескек етіп, осы бағытта өз данғыл жолымды қалыптастырғым келеді.



Белсенді СТУДЕНТ

Исмагулова Алмагүл Мерекеқызы Орал қаласындағы №19 жалпы орта білім беретін мектепті бітіріп, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақ тіл мен әдебиеті» бөліміне «филология: қазақ тілі» мамандығы бойынша мемлекеттік грант негізінде оқуға қабылданды. Студент атанған алғашқы сәттен-ақ өнерлі, білімді студенттер қатарынан көріне білген Алмагүл Тәуелсіздік күніне орай Студенттік кіші Ассамблеясының ұйымдастыруымен өткен «Марафон-2006» ұлттық ойындар сайысына белсене қатысып, «Ең алғыр» номинациясы бойынша дипломмен марапатталды. Бөлім ішінде Халықаралық Әйелдер күніне орай ұйымдастырылған «Қазақ Аруы - 2007» байқауында III орын иегері атанды. Көшбасшылық қабілетін шыңдау мақсатында 2006-2007 оқу жылдары аралығында «Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімінің студенттік деканының орынбасары қызметін атқарды. 2007 жылдың 1 наурызынан - 12 сәуіріне дейін М.Өтемісов атындағы БҚМУ мемлекеттік қызметшілердің аймақтық білім орталығында «Өзін-өзі басқару және басқару жүйесіндегі менеджменті» атты бағдарламасы бойынша жоғарылату курсынан өтіп, 60 сағат көлемінде оқу жұмысының белгіленген жоспарын орындап, арнайы сертификатқа ие болды. Сонымен қатар ғылым жолында да біраз жетістіктерге қол жеткізген Алмагүл 2007 жылдың 29-30 наурыз аралығында «Нашақорлық пен құқық бұзушылықтың алдын-алу мәселесі бойынша мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылу жолдары» атты республикалық конференциясына қатысып, өзі ұсынған «Нашақорлық – қазіргі заман кеселі» атты

«Өркен» газетінің осы санынан бастап «Таныс болыңыздар!» атты айдар ашылып отыр. Бұл айдарымызда Сіздер университетіміздің дарынды да белсенді студенттері жайлы толық ақпарат алып, олардың жеткен жетістіктерімен таныс боласыздар.

Айдарымыздың ең алғашқы кейіпкері – «Филология» факультетінің «Филология: қазақ тілі» мамандығының 4 курс студенті Исмагулова Алмагүл.

Туған жері, жылы, күні – 17 қаңтар 1989 жыл. БҚО, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы
 Жұлдызнамасы – тауешкі
 Үлгі тұтар адамы – анасы
 Сүйікті ісі – гоблен тоқу, тоқыма жұмыстарымен айналысу, шаңғы тебу.
 Сүйікті мағамы – бесбармақ, тұшпара, қуырдақ
 Сүйікті өрпісі – Роза Рымбаева, Қарақат Әбілдина, Еркін Нұржанов
 Сүйікті тобы – «МузАрт» ансамблі
 Сүйікті киносы – «Қыз Жібек», «Манаббат бекеті», «Ағайындылар»
 Сүйікті актері – Нұрлан Әлімжанов, Меруерт Өтекешова
 Өмірлік ұстанымы – Әрбір бастаған істі аяғына дейін тындыру

баяндамасы жинаққа енгізілді. 2007-2008 оқу жылдарында қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің студенттік деканы қызметін атқарып жүріп, оқуда озат, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін Мәтжан Мақсымұлы Тілеужанов атындағы атаулы шәкіртақы иегері атанды. 2008 жылы Маң-даогикалық институттың Ғылыми Кеңес мүшесі болса, 4 курстан бастап университеттің Ғылыми Кеңесінің мүшесі болып қабылданды.



Жазғы демалыс уақытын тиімді пайдаланып, 2007 жылдың III еңбек семестрінде Зеленов ауданы, Көшім елді-мекенінде Елбасымыздың «Жасыл ел» көгалдандыру бағдарламасы бойынша «Жалын» отрядында жауынгер ретінде жұмыс атқарып, еліміздің көркеюіне өзіндік үлесін қосса, 2008 жылдың жазғы еңбек семестрінде «Жасыл Ел» жастар еңбек жасағында «Ынтымақ» отрядын құрып, сол жасақтың командирі болды. Соның нәтижесінде облыстық слетте «Үздік альбом» номинациясымен марапатталды. Осы жылы Халықаралық студенттер күні мерекесіне орай өткен мерекелік шарада «Ең үздік ұйымдастырушы» номинациясына ие болды. Қазіргі таңда Алмагүл - Студенттік Бірлестіктер Одағының Президенті, «БҚМУ «Ақиқат» пікір-сайыс орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің төрайымы. Сонымен қатар 2008-2009, 2009-2010 оқу жылдары аралығында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев атындағы шәкіртақы иегері атанып келеді. Қарапайымдылық, іскерлік, адамгершілік сынды қасиеттерді өз бойына жинап аруымызға алдағы уақытта тек сәттілік тілейміз. Киелі оқу ордасын бітіргелі жатқан тұлкке оқуды өте жақсы аяқтап, қалаған мамандығының иесі болуына шын жүректен тілек-тестігімізді білдіреміз.

СРАЛИЕВА Мейрамгүл.

